

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ТВН 3302 – Теологиялық білім негіздері**

5В021100-теология

(3 кредит)

ТҮРКІСТАН 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Авторы:

Мырзабеков Мұратбек – филос.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті дінтану кафедрасының аға оқытушысы

2. РЕЦЕНЗЕНТТЕР

1. Шадинова Гүлзира – филос.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті гуманитарлық ғылымдар кафедрасының доценті

2. Ержан Қалмахан - теология докторы, Нұр-Мұбарак Қазақ-Мысыр ислам мәдениеті университетінің дінтану кафедрасының меңгерушісі

3. БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Республикалық оқу-әдістемелік кеңес отырысының 2016 жылғы «30» маусымдағы № 2 хаттамасы

4. Үлгілік оқу бағдарламасы

5В021100-теология мамандығының типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген

5. ҚАРАЛҒАН ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңес 2016 жылғы «30» маусым № 2 хаттама

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Теология мамандарын дайындаудың басты компонентінің бірі – теологиялық сенім жүйесін, ондағы түрлі бағыттар мен көзқарастардың мазмұндық ерекшеліктерін теологиялық сенімдік ілімдердің қалыптасу және даму процестерін оқыту.

Ұсынылып отырған «Теологиялық білім негіздері» курсының мақсаты – діни теологиялық мәселелер бойынша білім беру.

«Теологиялық білім негіздері» пәні діни қасиетті жазбалар негізінде туындаған сенімдік проблемаларды түсіндіру және түсініктеме жасау және азаматтардың теологиялық, діни сұрақтары мен қажеттіліктерін діни-философиялық тұрғыда жауап беру мақсатында пайда болып, өркениеттің дамуымен, қанат жаюымен бірге кейінгі дәуірлерде келесі даму сатысына көтерілді және теологиялық мектептер өз араларында бірнеше бағыттарға бөлінді. Сондықтан, діни сенім мәселелерін білу және ондағы бағыттарды ажырата білу жағынан аталған курстың маңызы зор.

Аталған курсты оқытудың мақсаты діни ілімдер қалыптасқан кезеңнен бастап, осы арна туралы білімгерлерге мәлімет беру, діни сенім негіздерін игеру, осы саладағы ғұламалар мен мектептердің ұстанымдары туралы мәлімет алу болып табылады.

Пәннің мамандықтың кәсіби білім беру бағдарламасындағы пәнаралық байланысын жүйелендіру пәнді оқытудағы негізгі орынды иеленеді.

Аталған курсты оқытудан бұрын берілетін пәндер тізімі: философия, философия тарихы, антропология, этика, мәдениеттану, дінтану, теология іліміне кіреспе.

Аталған курсты меңгеру үшін қажетті білімді, іскерлік пен дағдыны қамтитын пәндер тізбесі: мәдениет тарихы, діни философия, діни этика және аксиология және діни өнер, дін философиясы, діндер тарихы, діни мәдениет.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

- 1.Тақырып. Теологиялық білім негіздері пәні
- 2.Тақырып. Теологиялық білімдердің қалыптасуы мен дамуы
- 3.Тақырып. Діндердің негізгі сенімдері
- 4.Тақырып. Құдайға сенім
- 5.Тақырып. Құдайдың елшілері және қасиетті жазбалар
- 6.Тақырып. Теологиялық білімде эсхатологиялық мәселелер
7. Тақырып Теологиялық білімде адам және оның тағдыры мен қабілеттері мәселесі

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

Теологиялық білім негіздері діннің негізгі ілімдерінің біріне жатады. Оның негізгі болуы сенім мәселелерін зерттеуіне байланысты. Басқаша айтар болса, дінінің қағидалары, діни ілімдерінің мән—мағынасын ашу, Жаратушы және оның мәні мен болмысы, адам еркі мен таңдау еркіндігі, адам мен жаратушының өзара қатынасын анықтауға қатысты адам санасындағы проблемалардың мәнін ашу жағынан маңызды пән қатарына жатады. Себебі, ағымдардың пайда болуы, тіпті діни мәдениеттің дамуы осы сенімді әрқилы түсінуіне байланысты туындаған. Негізінде діни сенім дін құрушыларына келген аян негізінде жүйеленгенін ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ қайсы бір дінді алып қарасақ та кейінгі дәуірлеріндегі түрлі түсініктердің пайда болуы және көршілес мәдениеттердің ықпалдастығы сенім мәселесі бойынша жаңа проблемаларды дүниеге әкелді. Діни-теологиялық ілімдердің пайда болуында ежелгі дүние философиялық мұралардың да үлесі де баршылық. Осылай діни-теологиялық ілімдердің жаңа қырлары ашыла бастады, діни сенім мәселесінің көптеген түйіндері шешілді.

Пәннің мақсаты: діни білімдердегі теологиялық мәселелерді анықтау және ауқымын бағдарлау; мәселелердің теологиялық шешімдеріне баға беру; адаммен қоғамның діни құндылықтар жүйесіне теологиялық баға беру үрдістерін білу

Пәннің міндеттері: Діни білімдердің даму барысында орын алған сенімдік ағымдар мен бағыттардың өзара ықпалдастық процестерін анықтау; қазіргі исламдық сенімдік өкілдерінің еңбектерін талдау; олардың сенімдерін, діни рәсімдерін, құлшылықтарын және негізгі ұстанымдары мен принциптерін ұғыну, сондай-ақ оларды теологиялық және әлеуметтік тұрғыдан аша білу; ағымдардың моральдық, діни-этикалық, дүниетанымдық, философиялық және саяси ұғымдарына баса мән беру; қазіргі кезеңдегі исламдық ағымдардың қоғамда алатын орындарымен студенттерді таныстырып, курсқа саналы түрде жауапкершілікпен қатысуына дағдыландыру.

Студенттің пәнді зерделеудегі күтілетін нәтижелер:

Білімі:

Теологиялық білімдердің қалыптасу және даму барысын; Діндегі сенім мәселелерінің теологиялық тұжырымдары мен тақырыптарын; Құдай сеніміне діни-философиялық тұжырым жасау жолдарын; ислам сенім жүйесінің негізгі проблемаларын және оларды шешу жолдары мен варианттары; исламдық ақида іліміне тән терминологиясы мен ұғымдарын білу; исламдағы теологиялық мектептер мен бағыттар және ойшылдар көзқарастары мен ұстанымдарын білу.

Білігі:

Алған білімін жеке тәжірибесімен сәйкестендіру және өзінің жеке тәрбиелік мәнде дамуына қолдану; теологиялық мәселелер бойынша

баяндама жасауға, пікірталас жүргізуге дайындау; діни теологиялық сенім шеңберіндегі мектептер мен ағымдардың ара жігін аша білу.

Қүзіреттері:

Теологиялық мазмұны бар мәселелерді шешуге стандартты әдістерді қолдануға дайындық; теология ғылымының түрлі салаларындағы тәжірибелі зерттеу жобалары мен жоспарларын жасауға қабілеттілік; теологиялық негіздер туралы білімдері, бұл әрекеттің принциптерін, әдістері мен формаларын практикалық әрекетте қолдану; діни мекеменің практикалық әрекетін зерттеуге және зерттеу нәтижелерін қолдануға дайындық; теологиялық білімдерді клиникалық тәжірибелерде және тәрбиесі қиын, панасыз жасөспірімдермен тәрбие жұмыстарында сәйкес қолдануға дайындығы; теология саласында базалық білімдерді пайдалану қабілеті

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

I. Тарау. Теологиялық білімдердің қалыптасу және даму тарихы және бағыттары

1. Тақырып. Теологиялық білім негіздері пәні

Теология білімі: анықтамасы, зерттеу тақырыбы, мәселелері, мақсаты, теологиялық атаулардың шығу себептері. Құдайлық ілім және теологиялық ілімнің қалыптасу және даму тарихы. Теологиялық ілімнің кезеңдері. Діни-практикалық үкімдері және түрлері: сенімдік, құқықтық-практикалық, интуициялық және моральдық үкімдер. Діни құқықтық-практикалық үкімдерінің қайнарлары: Қасиетті жазбалар (құдай сөзі және дін құрушылар түсініктемелері), Кейінгі дәуір ғалымдарының тұжырымдары мен келісімдері. Діни және саналық дәлелдер. Ілім: мәлімет алу жолдары, сезім мүшелері, ақыл және аян. Ілімнің дәрежелері. Ілім жолдары: құқықтық, діни және философиялық. теологиялық ілімдердің әдістері. Дін және ақыл.

2. Тақырып. Теологиялық білімдердің қалыптасуы мен дамуы

Теологиялық білімдердің қалыптасу және даму ерекшеліктері: бастапқы және негізгі кезеңдері. Теологиялық білімдер пайда болуының алғышаттары және қалыптасуына әсер еткен факторлар. Теологиялық (сенімдік) ағымдардың қалыптасуы және ерекшеліктері. теологияда сенімдік мектептер: бастапқы дәуір және кейінгі дәуір мектептері. Діни жазбалар желісінде қалыптасқан мектептер және діни жазбалар мен әлеуметтік-мәдени, философиялық және саяси талаптар негізінде қалыптасқан мектептер.

II. Тарау. Теологиялық білімдердің негізгі тақырыптары

3. Тақырып. Діндердің негізгі сенімдері

Сенімнің мәні: жалпы және жалқы сенім, еліктеушілік және ақиқат сенімдері (таңдаулылардың және көпшіліктің сенімі). Сенім сипаттамалары мен анықтамалары. Діни мектептерде сенімнің әрекетпен байланысы туралы көзқарастары. Сенімнің артуы және кемуі мәселесі. Үлкен күнә мәселесі және мектептердің дәлелдері. Үлкен күнәға алып баратын және одан арылу жолдара. Құдайға сенім: Құдайдың бар екендігіне дәлелдер: табиғат, саналық және моральдық дәлелдер. Теологтар, философтар. Кәпір, жолдан адасқан (еретик), екіжүзді, діннен шығу.

4.Тақырып. Құдайға сенім

Құдайлық субстанция және сипаттамалары. Құдайдың сипаттары. Құдайдың бірлігі. Діни мектептерде құдайлық сипаттар мен мәні туралы айырмашылықтар мен ұқсастықтар. Құдайлық болмыстың бар екендігіне космологиялық, телеологиялық, онтологиялық, моральдық дәлелдер. Теологиялық таным мәселесі.

Құдайдың жаратқандары: періштелер, жындар және шайтандар. Періштелердің жаратылыстары. Періштелер түрлері.

5.Тақырып. Құдайдың елшілері және қасиетті жазбалар

Пайғамбарларға тән сипаттамалар. Пайғамбарлар және олардың ізін басушалар. Пайғамбарлық ерекшеліктері. Пайғамбарға сену – құдайға сену. Наби және Расул. Хазіреті Мұхаммед – ең соңғы пайғамбар. Пайғамбарлық туралы теологиялық мектептер ұстанымдары. Әйелдерден де пайғамбар болған ба?

құдайлық қасиетті жазбалар дегеніміз не? құдайлық кітаптар неге жіберілген? Құдайлық қасиетті кітаптардың түрлері және атаулары. Қасиетті кітаптардың барлығына иман келтіру – теологиялық сенім негіздерінің бірі. Аянның мәні. Аян дегеніміз не? Аянның түрлері. Қасиетті жазбалар – құдайдың сөзі. Қасиетті жазбалар жаратылған ба?

6.Тақырып. Теологиялық білімдерде эсхатологиялық мәселелер

Адам өлімсіздігінің мәні. О дүние дегеніміз не? Қабір өмірі. Сұраулар. Үлкен күнә мәселесі. Қияметтің белгілері: үлкен және кіші белгілері. О дүниенің моральдық маңызы. Құдайдың алдында есеп беру. Қыл көпір. Жұмақ және тозақ. Кәпірлердің және діндарлардың жағдайы. Күнәхар діндарлар. О дүниеде құдай көріне ме?

7.Тақырып. Теологиялық білімдерде адам және оның тағдыры мен қабілеттері мәселесі

Діни білімдерде адамның мәні мен маңызы. Теологиялық ілімдерде адамның орны және мәні. Адам мәселесінің басқа ілімдермен байланысы. Адам – құдайдың жаратылысы. Құдайды ақылмен тану мәселесі. Адамның артықшылығы – ақыл. Тағдыр, адам әрекеттері, адам қалауы және қалау еркіндігі, әділет, жақсылық пен жамандық мәселелері. Теологиялық

мектептерде адам және адам қалауы мен еркіндігі және тағдыр мәселесі. Адам өміріндегі ақыл мен қасиетті жазбалардың рөлі.

Семинар сабақтарының болжамды тізбесі:

1. Теологиялық білімдердің мәні
2. Діни теологияның қалыптасу және даму процесі
3. Исламдық калам білімінің пайда болуына әсер еткен себептер
4. Каламдық мазхабтар және олардың ерекшеліктері
5. Тағдыр мәселесі: қадарилер мен жабрилер
6. Сопылық теологиясы
7. Ислам теологиясы мен христиан теологиясының ерекшеліктері
8. Теологиялық білімдерде пайғамбарлық
9. Христиандықтағы құтқарылу ілімі
10. Теологияда монотеизмнің мәні
11. Исламдағы салафилердің принциптері
12. Ашари және матуриди мазхабтары арасындағы ұқсастық және айырмашылық
13. Алланың хабари сипаттары
14. Алланың фиили сипаттары
15. Пайғамбарға иман.
16. Шииттік калам ерекшеліктері
17. Ахмад ибн Ханбал көзқарастары
18. Жақсылық және жамандық мәселелері

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі

1. Вольф М.Н. «Средневековая арабская философия: Ашаритский калам», Новосибирский ГУ 2008г;
2. Ульрих Рудольф. Ал-Матуриди и суннитская теология в Самарканде. Алматы. Фонд XXI век. 1999г. 286с.
3. Михаил (Мудьюгин), архиеп. Введение в основное богословие / архиеп. Михаил (Мудьюгин). – М.: ББИ, 1995. – 226 с.
4. Трубецкой, Е. Смысл жизни / Е. Трубецкой. – Петроград, 1918(репринт). – 270 с.
5. Мень, А. Истоки религии / А. Мень. – 2-изд. – Брюссель: Жизнь с Богом, 1981. – 428 с.
6. Тайлор, Э.Б. Первобытная культура / Э.Б. Тайлор. — М.: Издательство политической литературы, 1989. – 572 с.
7. Фиолетов, Н.Н. Очерки христианской апологетики / Н.Н. Фиолетов
8. Имам Матуриди, «Китабут Таухид», Бейрут, 2001
9. Ибрагим Тауфик Камель. «Философия калама (VIII-XV вв.)» М., 1984г,
10. Қайрат Жолдыбайұлы, «Ақиқат шуағы (Иман негіздері)», А., 2007 232бет
11. Қайрат Жолдыбайұлы, «Дін мен Діл», Алматы, 2010 288 бет.

12. Исмаил Сейтбеков, «Иман негіздері», Алматы, 2010, 376 бет,
13. Қалмахан Сейтұлы, «Періштелерге иман», Алматы, 2010, 88 бет,
14. Қалмахан Сейтұлы, «Пайғамбарларға иман», Алматы, 2010, 120 бет.
15. Өзбекұлы, С., Исахан, М. Ислам және кәламдық мәзһабтар. А., 2009
16. Исламдағы мазһаптар туралы түсінік. (Құрастырған: Б.Байсопы),
Ғибрат баспа үйі. Алматы. 2007
17. Құран-Кәрім. А.;1991ж.
18. Библия. Книги Священного Писания Ветхого и Нового Завета в русском переводе с приложениями. – 4-е изд. – Брюссель: Жизнь с Богом», 1989. – 2536 с.
19. Аль-Газали Абу Хамид /Воскрешение наук о вере/ М.1998г.
20. ибн Джамиль Зину М. Столпы ислама и веры. Алматы, 1996
21. Осипов, А.И. Основное богословие / А.И. Осипов. – М.: АО «Чертановская типография», 1994. – 137 с.
22. Рождественский, Н.П. Курс основного богословия / Н.П. Рождественский. – С-Пб, 1893(репринт). – 180 с

Қосымша :

1. Ислам діні және оның тармақтары. Құрастырушылар: Кенжетай Досай, Байқанақов Ербол, Бақадыр Абдулла, Шымкент, 2007
2. Максуд Р. Ислам. – М., 2000
3. Давыдов, Олег, иерей. Катихизис: Введение в догматическое богословие: курс лекций. – М.: Православный Свято-Тихоновский институт, 2000. – 232 с.
4. Дьяченко, Григорий, прот. Вера. Надежда. Любовь: Катехизические поучения: В 3-х тт.- Т.1:Вера. – М.: Донской монастырь, АРП Инт.К, 1993. – 474 с.
5. Шмеман, Александр, протопресвитер. Введение в богословие. Курс лекций по догматическому богословию. – Клин: Христианская жизнь, 2001. – 63 с.
6. Шмеман, Александр, протопресвитер. Водю и духом. Афанасьев, Николай, протопресвитер. Вступление в Церковь. – М.: Изд-во Православного Свято-Тихоновского Богословского института, 2004. – 450
7. Шмеман, Александр, протопресвитер. Святая святым: Размышления об Исповеди и Причащении Святых Таин. – 3-е изд., доп. – К.: центр православной книги, 2004. – 124 с.
8. Мец А. Мусульманский ренессанс. М.1993г.
9. Еремеев Д.Е./ Ислам: образ жизни и мышление/ М.1990г.
10. Ислам энциклопедический словарь. М.1989г.
11. Әбсаттар қажы Дербісәлі /Ислам және заман/ А.2004ж.
12. Ғарифолла Есім / Фәлсафа тарихы/ А.2004ж